

## ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ

Білім беру үйімі (балабақша / шағын орталық, мектепалды сыныбы) «Куралай» балабақшасы

Топ: ересек

Балалардың жасы: 4 жастан

Жоспардың құрылу кезеңі: 05.02 - 09.02.2024ж.

Педагогтың аты-жөні Урустимова Динара

Апта күндері	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Күн тәртібі					
Балаларды қабылдау	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дene қызын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл құймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. <b>(сөйлеуді дамыту)</b>				
Ата-аналармен немесе баланың басқа занды өкілдерімен кеңес, әнгімелесу	Ата-аналарға балалардың тазалықтарына назар аударууларын ескерту.				
Балалардың дербес әрекеті (аз қымылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау)	"Жабық өсімдіктерді бүріккіш пистолеттен сумен бұрку". Мақсат-міндеттер: жаңа еңбек	"Бөлме өсімдіктерін топырағын қосыту". Мақсат-міндеттер: балаларды жабық өсімдіктерге күтім	"Бөлме өсімдіктерін сугару". Мақсат-міндеттер: өсімдіктердің жарық пен ылғалды қажет етуі туралы білімдерін кеңейту,	"Ойыншықтардағы тәртіп". Мақсат-міндеттер: жұмыс басталар алдында балаларға жұмыс алжапқышын киуді үйрету;	"Өз төсегімізді жинауды үйренеміз". Мақсат-міндеттер: балалардың өз төсегіне күтім жасау бойынша біліктепері

<b>және басқалар)</b>  дағдыларын үйрету; жапырақтарға ылғалдың қажеттілігі туралы түсінігін бекіту; өсімдіктерге ұқыпты қарауды тәрбиелеу. Өсімдіктерді суару қажеттілігін өз бетінше анықтауға үйрету (топырақтың түсі мен күйіне, өсімдіктің пайда болуына байланысты), суару техникасын еске түсіру. <b>(еңбек дағдылары)</b>	жасауға үйрету; балаларға өсімдіктердің топырағын не үшін қосыту керектігі туралы білім беру; қосыту әдістері мен оған қажетті заттарды пайдалану ережелерін бекіту. Еңбек дағдыларын, ұқыптылықты дамыту. Экологиялық мәдениетті, қоршаған табиғатқа ұқыпты қарауды тәрбиелеу. <b>(еңбек дағдылары)</b>	ылғалды сүйетін және құрғақшылыққа төзімді, фотофильді, көлеңкеге төзімді өсімдіктерді жапырақтардан қалай тануға болатындығын үйрету. Сумен және өсімдіктермен жұмыс кезінде дәлдікті, өз іс-әрекеттеріне сенімділікті, еңбек дағдыларын дамыту. Қоршаған табиғатқа ұқыпты қарауды, оған қамқорлық жасауды тәрбиелеу. <b>(еңбек дағдылары)</b>	ойыншықтарды тәртіпте ұстая: жуу, кептіру, сұрту және орнына қою. Еңбеккорлықты, тәртіпсіздікті көре білуді дамыту; сумен жұмыс кезінде ұқыптылықты дамыту. Өз еңбегі мен басқа адамдардың еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу. <b>(еңбек дағдылары)</b>	мен дағдыларын қалыптастыру; ұқыптылыққа, басқа біреуге көмектесуге ұмтылуға тәрбиелеу; еңбекке ұқыпты қарауға тәрбиелеу; өзіне-өзі қызмет көрсету бойынша дербестігі мен дағдыларын дамыту. <b>(еңбек дағдылары)</b>
<b>«Дүкенші».</b> Мақсат-міндеттер: балаларға мамандықтар туралы түсінік беру. Рольге бөліп ойнауға үйрету және оларды айыра білуге баулу.	<b>«Шаштараз»</b> <b>сюжеттік-рөлдік ойны.</b> Мақсат-міндеттер: балаларды үлкендердің еңбекімен таныстыру.	<b>Сюжеттік-рөлдік ойын «Тігінші».</b> Мақсат-міндеттер: балалардың тіл байлығын дамыту, сурет бойынша әңгімелей білуге дағдыландыру.	<b>«Біз құрылышымыз».</b> Балаларға құрылыш материалды ұсынамын, ұлғі бойынша заттарды құрастыру. Құрастырылған	<b>«Дүкен» сюжеттік-рөлдік ойны.</b> Мақсат-міндеттер: балаларды өз бетінше дүкенші мен сатып алушының қызметін орындауға үйрету. Бір-бірімен

	<p>Ойынның шарты: тәрбиеші дүкенші болып ойнайды.</p> <p>Балалар сатып алушы болады. Балаларға заттың түсін және қай жерде қолданылатынын білгізу.</p> <p><b>(коршаған ортамен тәнису, сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)</b></p> <p><b>Артикуляциялық жаттығу</b></p> <p>Мақсат-міндеттер.</p> <p>Артикуляциялық және дауыс аппаратын, сөйлеуде тыныс алушы, фонематикалық естуді, анық және қалыпты қарқынмен сөйлей білуді дамыту. Қазақ тіліне тән "ө, қ" дыбыстарын жеке,</p>	<p>Шаштараздың еңбегімен тәнистырып, оның қызметін атқаруға үйрету.</p> <p><b>(коршаған ортамен тәнису, сөйлеуді дамыту)</b></p> <p><b>Тақпақ жаттау</b></p> <p>Монтер ағай Ағай епті қолымен Жүреді ылғи от беріп.</p> <p>Тарам-тарам жолымен</p> <p>Жұгреді тоқ келіп. Көшеде, үйде, кенседе</p> <p>Жұреді ағай шам жағып.</p> <p>Тұн ішінде келсе де, Ол жүрген жер жап- жарық.</p> <p>Мұзафар Әлімбаев <b>(коркем әдебиет, қазақ тілі)</b></p>	<p>заттардан көрме үйымдастыру. <b>(құрастыру)</b></p> <p><b>«Мозаика».</b></p> <p>Мақсат-міндеттер: балаларға әртурлі заттар, геометриялық пішіндер</p> <p>құрастыруды үйрету, түстерімен</p> <p>тәнистыру, балалардың ой- тігіншіге керек заттар (ине, метр, қайши, жіп), іс машинасы, киім үлгілері, маталар.</p> <p><b>(коршаған ортамен тәнису, сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)</b></p> <p><b>Тақпақ жаттау</b></p> <p><b>Шахтер</b></p> <p>Шахтерді ел біледі, Оған сарай – жер асты.</p>	<p>ізеттілікпен сөйлеуге үйрету.</p> <p><b>(коршаған ортамен тәнису, сөйлеуді дамыту)</b></p> <p><b>Санамақ</b></p> <p>Санамақтың сан түрін, Кәне, біздер санайық!</p> <p>Онға дейін санды біз Қолымызға алайық! Бірекі, үш</p> <p>Таңдайықшы түс.</p> <p>Төрт, бес, алты</p> <p>Тату доспыш жалпы.</p> <p>Жеті, сегіз, тоғыз</p> <p>Мынау - қоңыр қоңыз,</p> <p>Мына саным-он,</p> <p>Қыста кием тон.</p> <p><b>(сөйлеуді дамыту)</b></p>
--	--	--	--	--

	<p>сөз ішінде анық айтуда баулу.</p> <p>өс-өс-өс</p> <p>Жігіт болып өс.</p> <p>Ұстаның құралы төс.</p> <p>қа-қа-қа</p> <p>Менде үлкен сақа.</p> <p><b>(қазақ тілі, сөйлеуді дамыту)</b></p>	<p>Көмір қазып жүреді, Сорғалатып тер абы. Бала оқитын зәулім үй Қалмауы үшін сұныш, Үйіп көмір тауды ылғи, Береді ол жылышық. С.Мәуленов <b>(көркем әдебиет, қазақ тілі)</b></p>	<p>геометриялық пішіндер, заттар құрастыруға болатынын айтады. Балаларға өрнектердің түсі үйлесімділігіне көніл бөліп, заттардың пішініне сәйкес орналастыра білуге бағыт беріледі. <b>(математика негіздері, сөйлеуді дамыту)</b></p>	
<b>Ертеңгілік жаттығу</b>	<p><b>Жалпы дамыту жаттығулары (гимнастикалық таяқшалармен)</b></p> <p>Бастапқы қалып: негізгі тұрыс, таяқшаны қолмен ұстай.</p> <p>1-таяқшаны алға созу;</p> <p>2-оң қолды төмен түсіріп, сол қолдағы таяқшаны тігінен ұстап, жоғары көтеру;</p> <p>3-таяқшаны алдыға созып ұстай;</p> <p>4-сол қолды төмен түсіріп, таяқшаны оң қолға ауыстырып, таяқшаны жоғары көтеру;</p> <p>5-таяқшаны алдыға созып ұстай;</p> <p>6-бастапқы қалыпқа келу.</p> <p>Бастапқы қалып: аяқтың арасын ашып тұру, екі қолды шынтақтан бүгіп, таяқшаны кеуде тұста ұстай.</p> <p>1-2-алға иілу, еденге қолды тигізу;</p> <p>3-4- бастапқы қалыпқа оралу.</p> <p>Бастапқы қалып: негізгі тұрыс, таяқша еденде жатады.</p> <p>1-оң аяқпен таяқшаны аттап, алға бір адым жасау;</p>			

	<p>2-сол аяқты оның қасына алып келу;</p> <p>3-оң аяқпен таяқшаны аттап, артқа бір адым жасау;</p> <p>4-сол аяқпен артқа бір адым жасау.</p> <p>Бастапқы қалып: тізерлеп тұру, таяқшаның екі шетінен ұстап, жауырынға қойып тұру.</p> <p>1- таяқшаны жоғары көтеру;</p> <p>2-оңға иілу;</p> <p>3-түзу тұрып, таяқшаны жоғары көтеру;</p> <p>4-бастапқы қалып. Дәл солай сол жақпен орындалады.</p> <p><b>(дene шынықтыру)</b></p>
<b>Таңғы ас</b>	<p><b>Гигиеналық дағдылар</b></p> <p>Мақсат-міндеттер. Балаларды ұқыптылыққа, тазалыққа, өзінің сыртқы келбетін қадағалауды әдепте айналдыруға баулу. Тамақтанар алдында, дәретханаға барғаннан кейін, ластанған кезде қолды өз бетінше сабынмен жууға, тісін тазалауға үррету. Тарапты, қол орамалды пайдалана білуді бекіту.</p> <p>Тамақтану әдебін сақтау. Тамақты асықпай шайнау, асхана құралдарын (қасық, шанышқы), майлықты дұрыс қолдану, тамақтанып болғаннан кейін ауызды шаю.</p> <p><i>Көркем сөз</i></p> <p>Су-өмір жүргегі</p> <p>Денсаулық тірегі.</p> <p>Шөлдесен, қанасың.</p> <p>Жуынсан, тазасың.</p> <p><i>Салт-дәстүр. Жолаяқ.</i></p> <p>Келген қонақты жолға шығарып салып тұрып, оларға «жол болсын» айтып, дәм-тұз ұсынады. Сонан кейін қош айттысып, қалады. Бұл да тамақтың жолының бөлек екенін дәлелдейтін халықтық салт - дәстүрдің бірі.</p> <p><b>(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)</b></p>
<b>Үйымдастырылған іс-әрекетке дайындық</b>	<p>"Алуан-алуан кәсіп" тақырыбында әнгімелесу.</p> <p>Мамандықтар туралы тақпақтар жаттау. Құрылышы</p> <p>Мамандықтардың құралдары суретіне қарап әнгімелесу.</p> <p>Мамандықтарға байланысты дидактикалық</p> <p>Менің арманымдағы мамандығым. <b>(сөйлеуді дамыту,</b></p>

	(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу)	Қолда темір қалағым, Саздан сарай қаладым. Алматыдан аумайтын Әсем қала саламын. Ш.Садыханов (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)	(сөйлеуді дамыту, қазақ тілі, қоршаған ортамен танысу)	оыйндар ойнау. (сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу, қазақ тілі, математика негіздері)	қазақ тілі)
<b>Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет</b>	<b>Дене шынықтыру</b> "Доғадан өрмелуе". Мақсат-міндеттер: бір орыннан (қашықтығы 50 см) ұзындыққа секіру (8-10 рет); 6 м қашықтыққа дейін допты жерге ұрып, жұру (2-3 рет) және топпен қолын жерге тигізбей доғадан (бiiктігі 40 см) өрмелеп (2-3 рет) өтуге жаттықтыру.	<b>Қазақ тілі</b> "Мамандықтар. Диалогтар." Балалардың ұғымындағы мамандықтар, олардың кәсіптік ерекшеліктері мен қызметі туралы түсініктерін кеңейту. Балаларды бірнеше мамандық иелерін қолданатын құрал- жабдықтары арқылы ажыратып, атауды үйрету; диалог сөйлеуді жаттықтыру; еске сақтау, ойлау	<b>Дене шынықтыру</b> "Жұлтасып шынығайық". Мақсат-міндеттер: балаларды бір орында тұрып онға, солға бұрылып секіруге үйрету.	<b>Музыка</b> "Көңілді арбакеш". (қайталау) Мақсат-міндеттер: балаларды арбакеш туралы әннің сипатын ажыратса білуге үйрету; әннің сөздік мағынасын түсініп, тындай білу қабілетін қалыптастыру; ырғақтық қимылдарды музыка әуенімен ілесе отырып, үйлесімді жасай білуге дағдыландыру.	<b>Дене шынықтыру</b> "Мықтылар жарысы". Мақсат-міндеттер: балаларды аяқты бірге қойып секіру; допты бір қолымен кедергі арқылы лақтыруға үйрету.

	<p>қабілеттерін, көру және есту арқылы қабылдауларын, қатынастық дағылышын дамыту. Ұйымшылдыққа, әдептілікке, түрлі мамандық иелеріне деген күрмет сезімдерін тәрбиелеу.</p> <p><b>Музыка</b> "Көңілді арбакеш". Мақсат-міндеттер: балаларды арбакеш туралы әннің сипатын ажыраты білуге үйрету; әннің сөздік мағынасын түсініп, тыңдай білу қабілетін қалыптастыру; ырғақтық қимылдарды музика әуенімен ілесе отырып, үйлесімді жасай білуге дағдыландыру.</p>		
--	---	--	--

<b>Серуенге дайындық</b>	Балаларды өз киімдерін тануға, атауга, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуга үйрету.				
<b>Серуен</b>	<p><b>Аландағы ағаштарды бақылау. (коршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)</b> Мақсат-міндеттер: балалардың ағаштарды қыс кезінде қалпын анықтап, білімін толықтыру.</p> <p><b>Тапсырма:</b> «Таңғажайып ағаштарды безендіреміз» тақырыбына сурет салу.</p> <p>Ағаштарды сыртқы түсінен, түрінен, бұтақтарынан қалай орналасуынан танып, айыруға үйрету.</p> <p>Балаларды табиғатқа қамқоршы болуына тәрбиелеу.</p> <p>Сұраптар.</p>	<p><b>Қар жинайтын машинаның жұмысын бақылау. (коршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)</b> Мақсат-міндеттер: адам еңбегін женілдететін машинамен таныстыруды жалғастырып, қоршаған орта білімдерін толықтыру.</p> <p><b>Тапсырма.</b> «Ауланы тазалаушының еңбегін қалай женілдетсем» деген тақырыпқа шағын әңгіме құрастыру.</p> <p>Сұраптар.</p> <p>1. Бұл машинаның аты қалай?</p>	<p><b>Саябаққа саяхат. (коршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)</b> Мақсат-міндеттер: қыстың (нышаны) белгілері туралы балалардың білімін анықтап, толықтыра тусу. Балалардың сөз құрамында: қыс, қар, мұз, аяз, қар қырш-қырш еттеді, жалтырайды, жылттылдайды басқа қысқа байланысты сөздер қолдану.</p> <p><b>Балаларды табиғаттың қамқоршысы, жана шыры етіп тәрбиелеу.</b></p> <p><b>Тапсырма: «Қыс мезгілінің қызығы»</b></p>	<p><b>Күн көзін бақылау. (коршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)</b> Мақсат-міндеттер: күннің көзін қыс мезгілімен (қыстың басы, ортасы, аяғы) байланыстырып, балаларға барынша мол түсінік беру. Күн қыскарады. 22 желтоқсан ең қысқа күн болып есептеледі. Күндіз күн ұясынан көтеріледі, кешке ұясына батады. Күн қысқа әрі сұық.</p> <p><b>Көркем сөз.</b></p> <p><b>Батар күннің атар таңы бар.</b></p> <p><b>Қимылды ойын.</b></p> <p><b>«Жұп болып</b></p>	<p><b>Ауа райының жақсыз жағдайын бақылау.</b> Мақсат-міндеттер: балаларга ауа райының жағдайын бақылату. Қатты желге назар аудару. Қатты жел әсіресе ақпан айында жи болады, ұйтқыған боран мен бүркәсін борандар бір жерден бір жерге жөнкіліп жүреді.</p> <p><b>Көркем сөз.</b></p> <p><b>Қыстың кенже баласы ақпанбысын, Аспан астын ораған ақ қармысын.</b></p> <p><b>Алай-түлей бораның, аязың да,</b></p> <p><b>Әппағым-ау, аз-аздан шақтармысың?!</b></p> <p><b>Қимылды ойын.</b></p> <p><b>«Үшінші артық».</b></p>

1. Жапырақсыз ағаштарды қалай атایмыз?	2. Ол не істейді? 3. Ол қарды қалай жинайды?	шагын әңгіме құрастыру, қыстың жағымды, жағымсыз құбылыстары туралы	<b>эстафета ойының жүргізу».</b> (дene шынықтыру)	Мақсаты: шапшандыққа баулу. Еңбек. Ауланы қардан тазалау.
2. Жапырақтар неге күзде түсіп қалады?	4. Балалар сендер адам еңбегін женілдететін тағы қандай машиналарды білесіндер?	әңгімелуе. <i>Көркем сөз.</i>	Мақсат-міндеттер: шанамен сырғанақ тебу.	Мақсат-міндеттер: күректі пайдалана білуге үйрету.
3. Ағаштар бір-біріне немен ұқсас?	4. Олардың айырмашылығы қандай?	Ақ қар жауды, Енді аппақ жер өні Қардан таулар Көлеңкесін көреді.	Балаларды бір-біріне эстафетаны беруге үйрету. Жолдасы үшін жанашыр, жақсы жолдас болуға тәрбиелуе.	<i>Көркем сөз</i> Ағашта биік, Бір құсты көрдік. Сайрайды сол құс, Сайрайды талмай.
Дидактикалық ойын: «Сөзбен суреттеп айт» ағаштың түрін таны.	Кәне, кімнің бойы ұзын, Паровозы ол пойыздың.	<b>Қимылды ойын.</b> <b>«Біз көnlді баламыз».</b> (дene шынықтыру)	Еңбек. Аққала жасау.	Кө-кек, кө-кек, Аты оның содан, Атанған кө-кек. Эн орындау.
<b>Қимылды ойын:</b> «Ордагы қасқыр». (дene шынықтыру)	Қатар-қатар тұратын Пойызды біз құрайык.	Мақсат-міндеттер: тез жүгіруге, жүгірген баланы тез ұстап алуға жатықтыру.	<b>Жеке жұмыс:</b> өз қиялдарымен әңгіме құрату.	<b>Қимылды ойын:</b> денені тік ұстап, жатығуларды дұрыс орындау.
Мақсат-міндеттер: секіруге, затты лақтыруға жаттықтыру.	<b>Қимылды ойын.</b> «Аңшы мен коян». (дene шынықтыру)	Мақсат-міндеттер: нысанаға затты лақтырып тигізу, жүгіру, өрмелеп жоғары шыға білу.	<b>Жеке жұмыс.</b> Жүгіріп келіп қарды алысқа лақтыруға жатықтыру. (дene шынықтыру)	<i>Жаңылпаистар:</i> Қар аппақ, дала аппақ-бәрі аппақ ...
<b>Еңбек:</b> ағаштардың түбін қармен жабу. (енбек дағдылары)	<b>Еңбек:</b>	Кім бәрінен алысқа лақтыrsa, сол жеңімпаз.	<i>Maқал.</i> Мезгіл жетсе, мұз да ериді.	Қыс қыспаса, қыс па? Құс ұшпаса, құс па?
Мақсат-міндеттер: ағаштың түбін аяздан қардың қорғайтынын балаларға түсіндіру.	гүлзарға, ыдысқа	Жұмбақтар.		

	<p>Балаларды табиғатқа қамқоршы болуына тәрбиелеу.</p> <p><b>Жеке жұмыс:</b> шаңғымен жаттығулар жасау. Екі аяқпен кезек-кезек онға, солға қозғау. (дene шынықтыру)</p>	<p>түрлі-түсті мұзды қатырып қою. (<b>енбек дағдылары</b>)</p> <p>Мақсат-міндеттер: балалардың эстетикалық танымдарын арттыру. Айналаны әсем етіп көріктендіру.</p> <p><b>Жеке жұмыс:</b> шаңғы тебе білуге үйрету. Шаңғы жолымен сырғанап отырып жүргү.</p> <p><b>Жорамал.</b> Қыс қарлы болса, жаз жаңбырлы болады.</p>	<p>Қанаты жоқ ұшады, Аяғы жоқ желеді, Аузы жоқ ұлиды. (боран)</p> <p>Мәтел.</p> <p>Қыстағы қар, жаздағы жаңбыр жерге жауған нұр.</p>		
Серуенниен оралу	Балаларды киімдерін жүйелі шешінуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыру, қолдарын жуу.				
Түскі ас	<p><b>Гигиеналық дағдылар</b></p> <p>Мақсат-міндеттер. Балаларды ұқыптылыққа, тазалыққа, өзінің сыртқы келбетін қадағалауды әдетке айналдыруға баулу. Тамақтанар алдында, дәретханаға барғаннан кейін, ластанған кезде қолды өз бетінше сабынмен жууға, тісін тазалауға үйрету. Тарапты, қол орамалды пайдалана білуді бекіту.</p> <p>Тамақтану әдебін сақтау. Тамақты асықпай шайнау, асхана құралдарын (қасық, шанышқы), майлықты дұрыс қолдану, тамақтанып болғаннан кейін ауызды шаю.</p> <p><i>Көркем сөз</i></p>				

	<p>Су-өмір жүргегі Денсаулық тірегі. Шөлдесен , қанасың. Жуынсаң, тазасың. <i>Салт-дәстүр. Жолаяқ.</i> Келген қонақты жолға шығарып салып тұрып, оларға «жол болсын» айтып, дәм-тұз ұсынады. Соナン кейін қош айттысып, қалады. Бұл да тамақтың жолының бөлек екенін дәлелдейтін халықтық салт - дәстүрдің бірі. <b>(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)</b></p>					
<b>Түскі үйқы</b>	Балаларға жағымды әуен қойып ұйықтату.					
<b>Біртіндеп үйқыдан ояту, сауықтыру шаралары</b>	<p>Жалпақ табанның алдын алу үшін денсаулық жолымен жүру. Алған білімдерін бекіту және мәдени-гигиеналық дағдыларды жүзеге асыру. Көркем сөз Әдемі ирек жолдармен, Лақтарша біз ойнақтап, Тастан - тасқа секіріп, Жалаң аяқ жүреміз. Табанға біз нүктелі, Массаж жасау білеміз. <b>(мәдени-гигиеналық дағдылар, сауықтыру шаралары, дene шынықтыру)</b></p>					
<b>Бесін ас</b>	Таза және ұқыпты тамақтану. Тамақтану мәдениетін қалыптастыру. Асты тауысып жеуге үйрету. <b>(мәдени-гигиеналық дағдылар)</b>					
<b>Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары,</b>	<table border="1" style="width: 100%; border-collapse: collapse;"> <tr> <td style="width: 25%; padding: 5px;"><b>Сөйлеуді дамытудан ойын-жаттығу</b> "Кімнің қолынан не келеді?" диалогтар</td><td style="width: 25%; padding: 5px;"><b>Сурет салудан ойын-жаттығу</b> "Етікшінің жаңа қос етігі". Мақсат-міндеттер:</td><td style="width: 25%; padding: 5px;"><b>Математика негіздерінен ойын-жаттығу</b> "Аспаздың кесу тақталары".</td><td style="width: 25%; padding: 5px;"><b>Жапсырудан ойын-жаттығу</b> "Абзал жан - дәрігер". Мақсат-міндеттер:</td><td style="width: 25%; padding: 5px;"><b>Қоршаган ортамен танысадан ойын-жаттығу</b> "Жануарлар емшісі (мал дәрігері)"</td></tr> </table>	<b>Сөйлеуді дамытудан ойын-жаттығу</b> "Кімнің қолынан не келеді?" диалогтар	<b>Сурет салудан ойын-жаттығу</b> "Етікшінің жаңа қос етігі". Мақсат-міндеттер:	<b>Математика негіздерінен ойын-жаттығу</b> "Аспаздың кесу тақталары".	<b>Жапсырудан ойын-жаттығу</b> "Абзал жан - дәрігер". Мақсат-міндеттер:	<b>Қоршаган ортамен танысадан ойын-жаттығу</b> "Жануарлар емшісі (мал дәрігері)"
<b>Сөйлеуді дамытудан ойын-жаттығу</b> "Кімнің қолынан не келеді?" диалогтар	<b>Сурет салудан ойын-жаттығу</b> "Етікшінің жаңа қос етігі". Мақсат-міндеттер:	<b>Математика негіздерінен ойын-жаттығу</b> "Аспаздың кесу тақталары".	<b>Жапсырудан ойын-жаттығу</b> "Абзал жан - дәрігер". Мақсат-міндеттер:	<b>Қоршаган ортамен танысадан ойын-жаттығу</b> "Жануарлар емшісі (мал дәрігері)"		

<b>бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қару және басқалар)</b>	ойыны. Мақсат-міндеттер: балалардың "мамандық" үғымын қалыптастыру; диалог пен монологтардың сөйлеу түрлері жөнінде мағлұматтар беру; жұмбақ пен тақпақ, мақал жөнінде түсініктерді пысықтау; болымсыз етістік туралы үғымдар қалыптастыру.	балаларды қос етік сұлбасыларын қазақтың оюларымен безендіруге үйрету; етіктің қоншысына дөңгелек пішінді трафаретті басып, бастырылған дөңгелектің үстіне "мұйіз" оюын салу техникасын қалыптастыру.  <b>Ұлттық ойын.</b> <b>Аударыспақ</b> «Аударыспақ» — ете көне дәүірден келе жатқан қазақ халқының ұлттық спорт ойыны. «Аударыспақ» – қазақ халқының арасында кеңінен таралған ойын.	Мақсат-міндеттер: балаларда "реттік сан" үғымын қалыптастыру; геометриялық пішіндердің қасиеттері жөнінде білімдерін толықтыру.	қағазбен қайшымен жұмыс жасау іскерліктерін жетілдіру.  <b>Көркем әдебиеттен ойын-жаттығу</b> "Мен дәрігер боламын".  <b>Қоршаган ортамен танысадан ойын-жаттығу</b> "Мамандықтың бәрі жақсы".  Мақсат-міндеттер: балаларды "Мен дәрігер боламын" елецімен таныстыра отырып, оларды көркем шығармашылықта баулу және жатқа айтқызу; сахналау арқылы дәрігердің қимылдары мен сөздерін айтуда жаттықтыру.	Мақсат-міндеттер: балалардың жануарлардың қысқы тіршілігі туралы білімдерін кеңейту; жануарлардың қысқы дайындықтары туралы түсінік беру.  <b>Сюжетті-рөлдік ойын "Жас экологтар".</b> Мақсат-міндеттер: эколог жұмысы жайлыш түсінік беру. Элеуметтік шығармашылықта жағдай туғызыу және мадақтау, ойын сюжетіне сәйкес топшаларға бөліну біліктіліктерін, сөйлеу дағдысын қалыптастыру.
<b>Вариативті компонент.</b> <b>Құрастыру</b> «Бауырсақ». <b>Мақсаты:</b> балалардың саусақ қимыл-қозғалыстарын жетілдіру, қағазды умаждау арқылы белгілі бір затты	жатқан қазақ халқының ұлттық спорт ойыны. «Аударыспақ» – қазақ халқының арасында кеңінен таралған ойын. Балалар екі жақ басы берік тұғырға бекітілген биіктігі бір-бір жарым	мамандықтар маңызымен таныстыра отырып, оларды ажыратып, атай білуге үйрету.		  <b>Қимылды ойын.</b> <b>Допты ұстап алу</b> Жүргізушиден басқа балалардың бәрі шенбер күрап	Балалардың эколог жұмысының адамгершілік бағыты оның табиғатты

	<p>жасауға болатынын түсіндіру, қағазбен ұқыптың жұмыс жасай білуге тәрбиелеу.</p>	<p>метрдей (балалардың жасына қарай), ұзындығы 70-80 сантиметрдей ағаш аттарға мінеді. Бір-біrine қапталдас орналасқан ағаш аттардың ара қашықтығы екі жақтан созылған қол жететіндей болса жеткілікті. Оларға мінген шабандоз балалар бір- біrine қарама-қарсы отырып қол ұстасады. Төрешінің белгісімен біrіn-біrі тартып, не итеріп, әйтеуір қай айласын, не күшін асырғаны қарсыласын ағаш аттан аударып түсүі шарт. Аяқты жерге ағаш атқа тіреуге болмайды. Онда ойын шарты бұзылады. Ойын</p>	<p>тұрады. Балалар допты біr-біrіne береді. Жүргізуши шенбердің сыртында жүреді. Ол допқа қолының ұшын тигізуге тырысады. Егер қолын тигізсе, сол кезде допты ұстап тұrған ойыншымен орын алмасады. Ал, ойыншы шенбердің сыртына шығады. Ойын қайталанады. Ойын ережесі: балалар допты біr-біrіne берген кезде орнынан шығып кетпеуі тиіс. Жүргізушиң шенбер ішіне кіруіне тыйым салынады. Допты қалаған бағытқа қарай беруге болады. Бірақ оны тек жанында тұrған балаға ғана береді.</p>	<p>сақтауға ықпалы, әлеуметтік маңыздылығы жайлы ұғымдарын көнектүү. Ойын барысы. Тәрбиеші ойын алдында балалармен бірге плакаттар, экологтың жұмысы жайлы кітапшаларды қарастырады, "Қызыл кітап" жайлы білімдерін бекіту, эколог-маманының қызметінің маңызы неде екені жайлы талқылаған жөн. Балалар рөлдерді өздері бөледі, нысанды таңдайды, жергілікті жердің жоспарларымен, картамен жұмысты үйимдастырады; экологиялық паспорттарды зерттейді; экологиялық</p>
--	--	---	--	--

		<p>алаңының айналасына құм немесе жұмсақ кілем төсөлүі керек. Қай топ жеңсе сол топ жеңімпаз атанады. <b>(дene шынықтыру)</b></p>		<p>Ойын басталған кезде доп жүргізуші тұрған тұстан бастап беріледі. <b>(дene шынықтыру)</b></p>	<p>жағдайды зерттейді (судың, ауаның, топырақтың сынамасы); экологиялық жағдайды қалыпқа келтіру бойынша жұмыс жүргізеді; фотоға түсумен айналысу. Ойын соңында тәрбиеші балалармен бірге қорытынды жасауы мүмкін: адам табиғат алдындағы жауапкершілікті сезіну керек. <b>(коршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)</b></p>
<b>Балалармен жеке жұмыс</b>	<p>Дәрігер Дәрігермін мен деймін, Кәрі әжемді емдеймін. Көп-көп ішіп дәріні Көрілікті жең деймін.</p>	<p>Артикуляциялық жаттығу. «Сағат» - тілді жіңішкеертіп ұстап онға, солға жайлап қозғау керек. Осылай санап отырып 15-20</p>	<p>Балалардың көлемді шішіндер мен қарапайым композицияларды мүсіндеуге қызығушылығын арттыру.</p>	<p><b>Театрды сахналau.</b> "Екі аяз" ертегі желісін маскалармен саханлау. <b>(көркем әдебиет)</b></p>	<p><b>Диалогтар ойыны.</b> "Мамандықтар туралы жұмбактар". Мақсат-міндеттер: балалардың мамандықтар туралы</p>

	(көркем әдебиет)	рет қайталау керек. «Саңырауқұлақ» - ауызды кең ашып, тілді таңдайға жapsыра ұстап тұрып төменгі жақты басып ауызды кең ашып ұстай. <b>(сөйлеуді дамыту)</b>	(мұсіндеу)		білімдерін пысықтау, тиянақтау, коммуникативтік қабілеттерді жетілдіру. <b>(сөйлеуді дамыту)</b>
Серуенге дайындық	Мақсат-міндеттер: <ul style="list-style-type: none"><li>- киімді дұрыс бүктеп салуға, ілуге, аяқ-киімді тұзу қоюға машиқтандыру;</li><li>- өз бетінше жылдам және дұрыс ретпен киіне (шешіне) білуді дағдыландыру;</li><li>- шкафқа ілінген, қойылған бас киім, киім, аяқ-киім сияқты заттарды өз орындарын біліп, тәртіпті сақтауды ұстануға тәрбиелеу;</li><li>- ауа райына сай киінгенін қадағалай білуге, киімді, аяқ-киімді таза ұстаяға баулу;</li><li>- көмек көрсете білуге, алғыс айтуда тәрбиелеу.</li></ul> <b>(дербес әрекет)</b>				
Серуен	Тұскі серуендегі бақылауды жалғастыру. <b>(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)</b>				
Серуеннен оралу	Балаларды киімдерін жүйелі шешінуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыру, қолдарын жуу. <b>(өзін-өзі басқару дағдылары)</b>				
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті,	Kітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. <b>(қарым-қатынас іс-әрекеті)</b> Мақсат-міндеттер. Сөйлемдегі сөздерді байланыстыруға, көмекші сөздерді дұрыс қолдануға, зат есімдерді жекеше және көпше түрде үйрету, оларды зат есімдермен септіктерде, жекеше және көпше түрде, зат есімдерді сын есімдермен байланыстыруға, етістіктерді бұйрық райымен қолдана білуге үйрету (отыр, жүр, жүгір). Музыкалық аспаптармен ойындар.				

<b>кітаптарды қаралу және басқалар)</b>	<p>Мақсат-міндеттер. Балаларды мәнерлеп ән айтуға үйрету, әнді созып, қымылдармен үйлестіріп айтуды қалыптастыру (ре-си бірінші октава шегінде). Би қымылдарын, ойындағы музыкалық қымылдарды орындауға қызығушылық тудыру, марш сипатын ырғакты жүріспен беру, музыканың қымылдық сипатына қарай женіл, ырғакты жүгіру; музыканың ырғағын нақты бере отырып, қос аяқпен еркін және женіл секіру, музыканың екінші бөлігінде қымылдарды өзгерту. Аспаптың сүйемелдеуімен және сүйемелдеуінсіз ән айтуға баулу (тәрбиешінің көмегімен). (<b>музыка</b>)</p> <p>Өнер бұрышында мамандықтар тақырыбында сурет салу, жапсыру, мүсіндеу. (<b>шығармашылық іс-әрекет, бейнелеу іс-әрекеті</b>)</p> <p>Мақсат-міндеттер. Балалардың гүлдер, қоршаған заттар мен табиғат объектілерінің түстері мен реңктері туралы ұғымдарын байыту. Қоңыр, қызғылт сары, ашық жасыл реңктермен таныстыру және ол түстерді өз бетінше жасауға ынталандыру (қажетті түсті шығару үшін бояуларды араластыру). Дайын пішіндерден жануарлар, құстар, гүлдердің пішінін қию және ол заттарды қағаз бетіне орналастыру дағдыларын қалыптастыру. Композицияны құрастыру кезінде заттар мен нысандардың көлемі бойынша арақатынасын ескеру. Ұсақ элементтерді ересектердің көмегімен желімдеу, алдымен қағаз бетінде заттың бейнелерін құрастырып, содан кейін оны желімдеу. Балалардың көлемді пішіндер мен қарапайым композицияларды мүсіндеуге қызығушылығын арттыру.</p> <p>Логикалық ойындар, басқатырғыштар, санамақтар, домино ойындары. Пысықтау. (<b>танымдық іс-әрекет, зерттеушілік іс-әрекет</b>)</p> <p>Мақсат-міндеттер. Балаларды геометриялық фигуralарды (дөңгелек, үшбұрыш, төртбұрыш) танып, атай білуге үйрету, геометриялық пішіндерді көру және сипап сезу арқылы зерттеу, сейлеуде сын есімдерді қолданып, салыстыру нәтижелерін атаяу (ұзындау-қысқалау, кеңдеу-тарлау, жоғары-төмен, қалың-жұқа немесе ұзындығы, ені, биіктігі, қалындығы бойынша тен).</p> <p>Табиғат бұрышын зерттеу, салыстыру, танысу, пысықтау жұмыстары. (<b>зерттеу іс-әрекет, қарым-қатынас іс-әрекеті</b>)</p> <p>Мақсат-міндеттер. Балалардың зерттеу әрекеті үшін жағдай жасау, табиғатпен таныстыру барысында заттар мен құбылыстардың өзіне тән, сипаттамалық белгілерін бақылау, талдау, салыстыру, ажырату.</p>				
<b>Балалардың үйге</b>	Баяндама: «Бала	Айына бір рет отбасы	«Балаңызбен қандай	Ата-аналарға	«Теледидардан

қайтуы (ата-аналарға кеңес)	дамуына керекті ойындар».	күнін өткізу.	оыйндар ойнайсыз?» сауалнама.	балалардың тазалықтарына назар аударуларын ескерту.	балаларға арналған қандай бағдарламаларды қарайсыздар?»
-----------------------------	---------------------------	---------------	-------------------------------	---	---

Тексерген Конопьянова А.К.